

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ПЕРСОНАЛДЫ ОҚИТУ



Персонал маңызды актив болып табылады, сондықтан да ҚМГ компаниялар тобында ӨҚ, ЕЖҚОҚ мәселелерін оқытудағы қажеттілік сұранысқа ие болып қала береді. Осыған байланысты персоналды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау бағыты бойынша міндетті оқыту, даярлау және біліктілігін арттыру басым болып табылады.

2020 жылы ҚМГ компаниялар тобының 100 172 қызметкерін оқытуға 671 341 мың теңге жұмсалды. Оның ішінде ӨҚ, ЕЖҚОҚ бағыттары бойынша келесі негізгі бизнес-бағыттар бойынша: "Өндіру" – 255 728 мың теңге, "Тасымалдау" – 161 670 мың теңге, "Өңдеу" – 44 039 мың теңге, "Сервис" – 182 341 мың теңге, ҚМГ Корпоративтік орталығы – 27 565 мың теңге.

Қызметкерлердің оқу шығыстары

Көрсеткіш	2018	2019	2020
Оқудан өткен қызметкерлер саны	114 971	130 615	100 172
Сомма, мың теңге	1 097 877	1 179 877	671 341

Негізгі бизнес-бағыттар бойынша ӨҚ, ӨҚ және ҚОӘБ бойынша оқу

Бизнес-бағыт	Қызметкерлер саны	Сомасы, мың теңге
Өндіру	36 263	255 728
Тасымалдау	23 840	161 670
Өңдеу	7 599	44 039
Сервис	31 686	182 341
ҚМГ корпоративтік орталығы	784	27 565

ҚМГ компанияларының тобында енгізілген жеке алты оқу-курс комбинатының/ орталығының базасында «70/20/10 – жұмыс орнында/іштей/сырттай оқу» деген оқу моделі бойынша еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі мәселелері бойынша оқу өтіп жатыр.

«Өзенмұнайгаз» АҚ-та (Жаңаөзен қ.), «ҚазТрансОйл» АҚ-та (Ақтау қ.), «Интергаз Орталық Азия» АҚ-та (Атырау қ., Шымкент қ.), «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС (Павлодар қ.) мен «Oil Services Company» ЖШС-да (Ақтау қ.) жеке оқу-курс комбинаттары/орталықтары бар.

Қазіргі бар оқытушылар құрамынан басқа, орталықтарға персоналды оқыту және олардың біліктілігін арттыру үшін орталықтарға желілік басшылар және үлкен өндірістік өтілі бар өндірістік персонал арасынан жоғары біліктілігі бар мамандар да тартылады.

Тәжірибелі қызметкерлер арасында тәлімгерлік пен ішкі тренерлік бағдарламалары іске асырылып жатыр, мастер-кластар мен тренингтер, үздік қызметкерлер арасында әр түрлі конкурстар өткізіледі, бұл ішкі коммуникацияларды жетілдіру және персоналдың өз кәсібінде ең үздік болуға ұмтылысын ынталандыруға мүмкіндік береді.

ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ТИІМДІЛІКТІ АРТТЫРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

ҚМГ компаниялар тобында энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бағдарламасын жалғастыруда. Корпоративтік орталық энергия тұтыну және энергия тиімділігі көрсеткіштері бойынша деректерді жинайды және талдайды, прогресті қадағалайды және жақсарту үшін мүмкіндіктерді сәйкестендіреді, өткен кезеңмен және саланың ұқсас компанияларының көрсеткіштерімен бенчмаркинг жүргізеді.

Компанияның энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметі ISO 50001 "Энергетикалық менеджмент жүйесі" халықаралық стандартының әдіснамасына негізделеді, ол осы қызметте жүйелі басқару бойынша үздік жалпыға танылған халықаралық практика болып табылады.